



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 26 тамыз

№ 204

Степногорск қаласы

горад Степногорск

**Білім беру
мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы**

Жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуын іске асыру мақсатында, олардың құқықтарын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен қызметкерлері:

- 1.1. Ата-аналар мен оқушылардан мектептің, сыныптың, топтардың әр түрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау, сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілеріне жол берілмесін.
- 1.2. Нормативтік құжаттаманың болмағаны жағдайда ата-аналар мен оқушыларға ақылы репетиторлыққа және осы қызмет түрін жүзеге асырмауға түсіндірілсін.
- 1.3. 2020-2021 оқу жылына оқушылар, ата-аналар, БМ қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жаңартылсын.
- 1.4. Степногорск қаласының білім бөлімінің «Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» бұйрығының мазмұны ата-аналардың, білім алушылардың заңды өкілдерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін.
- 1.5. Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға байланысты шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде дезинфекциялау құралдары, балалар мен қызметкерлердің санитариялық қауіпсіздік құралдары қаланың жергілікті бюджеті есебінен сатып алынады. Ата-аналар мен оқушылардан ақша жинауға қатаң тыйым салынады.

2. Білім беру мекемелерінің басшылары:

- 2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда жүтінген азаматтардың өтініштерін қарау мәселелері уактылы, тұрақты бақылауда ұстансын.
- 2.2. 2020-2021 оқу жылындағы мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілуі кезінде білім алушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
- 2.3. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілу кезінде заңдылықтың және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыздандырсын.
- 2.4. Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы нормативтік құжаттарды мінсіз орындауы қамтамасыз етілсін;

- 2.5. Білім мекемесінде сыбайлас жемқорлық орын алған жағдайда білім бөлімі уақытымен хабардар етілсін;
- 2.6. Мектеп сайттарына оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы жоспары, ақпараттық-талдау материалдары жүйелі түрде орналастырылсын.
- 2.7. Төксан сайын бюджеттен тыс қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті мектеп сайтына орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

Білім бөлімінің басшысының м.а.



А.Оспанова